



Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ тілі білімі кафедрасы
Мамаева Гүлнар Бейсенқызы
Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Пән атауы: “Емле және сөз сазы”

Астана, 2022

**15-дәріс тақырыбы: Сөз сазы ережелерін игеруде
ескерілетін жайттар**

Қарастырылатын мәселелер:

Ырғақ

Дауыс тембрі

Сөз сазы ережелерін игеруде ескерілетін жайттар

Сөйлеу актісінде айтылуы жағынан сөздердің бір-біріне ететін ықпалы, дыбыстық өзгерістері бір деммен топтасқан сөздердің ара жігінде және өн бойларында пайда болады.



Қазақ тілінде сөйлем ішіндегі сөздер дауыс ырғағы жағынан әрқайсысы бөлек-бөлек айтыла бермейді, көбінесе екі-екіден немесе екі-үштен бір ырғақты топ құрап, бір деммен үндесіп, үйлесіп айтылады.

Мысалы, анықтауыш пен анықталатын сөздер бір ырғақпен жымдасып, дыбыстары бір-біріне ықпалын тигізіп айтылады:

айдыңгөл (жазылуы: айдын көл),
сұлуғыз (жазылуы: сұлу қыз), қарөлең
(жазылуы: қара өлең).

Сол сияқты екі сөзден тұратын күрделі етістіктер де бір ырғақты топ құрайды:

келеғалды (жазылуы: келе қалды),
алалмады (жазылуы: ала алмады),
қолғойдұ (жазылуы: қол қойды).

Жазуда әр топтың жігін бір тік сызықшамен, сөйлем аяқталып, толық тыныс (пауза) болған жерді қос тік сызықшамен ажыратып көрсетеді, демек, бір тік сызықшаның ішінде тұрған сөздер ырғақты бір топ болып саналады. Топ құрайтын сөздер шартты түрде қосылып жазылып, дыбысталу қалпы транскрипцияланып көрсетіледі.

1


Мысалы:

Құйрұғұжоқ / жалыжоқ/

Құлаңғайтып / күңгөрөр //

Аяғыжоқ / қолұжоқ/

Жылаң ғайтып / күңгөрөр //



2


Құйрығы жоқ, жалы жоқ

Құлан қайтіп күн көрер.

Аяғы жоқ, қолы жоқ

Жылан қайтіп күн көрер.

Ырғақтық-мелодикалық топтардың ара-жігінде әрдайым айқын сезінерліктей дауыс кідірісі (пауза) бола бермейді анық пауза көбінесе:



Ырғақ

Ырғақ дегеніміз – белгілі бір буын санының бірдей уақыт аралығында қайталанып отыруы.



Кез келген сөздер бірігіп, бір ырғақты топ құрай бермейді, екі сөздің басы бірігіп, бір ырғақпен айтылуы үшін олардың арасында мағыналық байланыс болу керек.

Мысалы:

Соңғы кездері / тың серпіліспен / жұмыс істей бастаған / «Қазақстан» / ұлттық телеарнасының ұжымына / көрермен қауымның / дән риза екені / белгілі / сөйлемінде 8 ырғақты топ бар:

- 1) соңғы кездері
- 2) тың серпіліспен
- 3) жұмыс істей бастаған
- 4) «Қазақстан»
- 5) ұлттық телеарнасының ұжымына
- 6) көрермен қауымының
- 7) дән риза екені
- 8) белгілі.



«Ырғақ деген не? Ырғақ, яки ритм – қимылдың, құбылыстың, үннің, жүйелі, мерзімді, мөлшерлі қайталануы. Ырғақ – жасанды емес, табиғи нәрсе, өнерге ғана емес, өмірдің өзіне де тән нәрсе, мезгілімен келіп, мерзімімен кетіп тұратын жаз бен қыс, көктем мен күз, күннің шығуы мен батуы, толқынның жағаға соғуы мен қайтуы, – Тютчевше айтсақ, мәңгілік тасу, тартылу – түп-түгел ырғақты құбылыстар».

3. Қабдолов

Дауыс тембрі

Тембр (әуезділік) – бұл дауыстың эстетикалық сапасы. Дауыстың жағымды тембрі репликалар, монолог пен диалогтардың эмоционалды әрекетін күшейтеді.

Интонацияның эмоцияны білдіруші негізгі құралы – әуез.

Қарапайым тілмен айтқанда әуез дегеніміз – дауыз қоюлығы, дауыстың бояуы.

Ғалымдар қазақ тілінде 8 түрлі интонациялық бірліктің болатынын анықтады. Олар:



Интонацияның / тембрдің әрбір құрамдас компоненті сөйлеу барысында жеке-жеке емес, тұтасып, бір-бірімен бірігіп, кейде біреуі басым түсіп, кейде барлығы бірдей деңгейден көрініп сөйлемді ұйымдастырып, безендіріп тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы) – Астана 2000: "Елорда" баспасы, 532 б.
2. Уәли Н. Графика. Орфография. Орфоэпия – Алматы 2018, 250 б.
3. Тымболова А. О. – Драмалық шығармалар тіліндегі фонетикалық және синтаксистік микропоэтика – ҚазҰУ хабаршысы, филология сериясы, Алматы 2010

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!